



Автор: Арин Кенжегүл Арин

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып


Бөлім: Ақпаратты ұсыну

Тақырып: Ақпаратты тасымалдау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.3 Ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарға мысал келтіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:Ақпаратты беруші және қабылдаушы арналар туралы түсінеді. Көпшілік оқушылар үшін: Ақпарат тасымалдау құрылғыларын ажыратып, мысал келтіре алады Кейбір оқушылар үшін: Ақпаратты тасымалдау үдерісімен танысады және практикада қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Лексика мен терминология: Ақпарат тасымалдаушы арналар радиобайланыс,телеграф, телефон термин сөздерімен танысады Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен сөз тіркестер: Ақпараттың қасиеттері мен турлерін атап шығады. Үш тілді күзiреттiлiк: Ақпарат-информация-information Телефон-telephone Радио-radio
Күтілетін нәтиже:	Ақпаратты сақтау тақырыбын түсінеді. Ақпарат тасымалдау құралы – ақпараттарды сақтауды біледі.
Бағалау критерийлері:	Ақпарат беруші және қабылдаушы арналарды таниды. Ақпарат тасымалдаушыларға мысал келтіре алады Ақпарат тасымалдау үдерісін таниды және жұмыс жасай алады Ақпарат тасымалдау арналарын практикада қолдана алады.
Құндылықтарды дарыту:	<ul style="list-style-type: none">• Балалар бірін-бірі бағалау арқылы және топпен жұмыс жасау арқылы азаматтық жауапкершілік ,бір-біріне құрмет,ынтымақтастық, ашықтық қасиеттерін бойына сіңіреді.• Оқушылар бір-біріне ұсыныс жасау арқылы өз пікірлерін ашық айта алады және қоғам пікірімен санасуға дағдыланады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерективті тақта, компьютер
Пәнаралық байланыс:	Тарих пәні ақпарат тасымалдаушылардың шығу тарихы туралы түсінік. Биология пәнімен байланыс ақпарат тасымалдаушы арналарының биологиялық терминдері қолданылды(көз,құлақ,тері,мұрын,тіл).
Бастапқы білім:	Ақпарат туралы түсінік және оның турлері мен қасиеттерін және өлшем бірліктерін біледі.
Ақпаратты тасымалдау	мұғалімдерге арналған сабақ жоспары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылар амандасқаннан кейін сыныпта психологиялық ахуалды жақсарту үшін оқушылар дөңгеленіп тұрып бір-біріне доп лақтырып,тілектерін айтады. Оқушыларды топтастыру үшін алғашқы радио, телефон, телеграф суреттерінен мозайка жасалып,оқушыларға үйлестіріледі,бір суретті құрастырған оқушылар бір топқа топтасады.	<p>Image not found or type unknown</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Сабақтың басында youtube сайтынан алғашқы теледидарлардың пайда болу тарихы мен дамуы жөнінде бейнеролик көрсетіледі және балалар көрген бейнероликті талқылап, түсінгендерін айтады. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. Стоп кадр әдісі. Балаларға аудио, видео және сурет көрсетіліп, ақпарат беріледі, көзбен көріп, құлақпен есту арқылы балалар әрі қарай өз ойларын айтып жалғастырады.</p> <p>1 топ радио тобы ақпаратты видеоролик көріп тоқтағаннан кейін видеоға байланысты өз ойын жалғастырып кетеді;</p> <p>2 топ телеграф тобы ақпаратты радиодан естіп, әрі қарай өз ойларын жалғастырып кетеді;</p> <p>3 топ телефон тобына ақпарат ретінде фотосурет көрсетіледі, және сол суретке кішігірім әңгіме құрап шығады. 3 топқа дайындыққа 2 мин уақыт беріледі.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар ақпарат алу арқылы сабақтың мазмұнын түсінеді. - Өз пікірлерін тұжырымдап айтады. - Қ.Б: Өзара бағалау. «Екі жұлдыз бір ұсыныс» әдісі <p>Саралау: Жіктеу тәсілі. Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: Соның ішінде аралас гендерлік топқа бөлдім. Дереккөз тәсілі. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.</p> <p>2-тапсырма. Сыныптағы барлық оқушы қатысады. Т диаграммасын құру. Дескриптор: Барлық оқушылар Т диаграммасы арқылы ақпарат арналарының екі түрінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтады. Қ.Б: Мұғалім оқушыларды смайлик арқылы бағалайды. Саралау: Бұл саралау әдісі диалог және қолдау көрсету. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.</p> <p>Сергіту сәті. Оқушылар интербелсенді тақтадағы бейнероликтегідей жаттығу жасайды.</p> <p>3-тапсырма. Жеке жұмыс. Мына әрекеттерді дұрыс орналастырып, дәптерлеріңе орындаңыздар: Түсіндіреді, қарайды, дәмін алады, көрсетеді, сипап сезеді, тыңдайды, қабылдайды, тасымалдайды. Ақпарат тасымалдаушы Ақпарат қабылдаушы Дескриптор: оқушылар ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарды ажырата алады. Арналардың айырмашылықтарын айта алады. Қ.Б. « Бас бармақ» әдісі арқылы балалар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Саралау: Бағалау - Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін.</p> <p>4-тапсырма. 3 тапсырманы сыныптастарынан бұрын орындап болған оқушыларға қосымша тапсырма ретінде практикалық жұмыс беріледі. Бұл тапсырмада оқушылар радионың пайда болу тарихы туралы ғаламтордан мәлімет іздеп тауып қысқаша түсінік алу керек.</p> <p>Дескриптор: - оқушы ғаламтормен жұмыс жасай алады. Қ.Б: оқушылар өз-өздерін бағалайды. Саралау: Қарқын тәсілі арқылы саралау - Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, соларға қарқынына байланысты қосымша тапсырма беруге тырысамын.</p> <p>Дереккөздер - Кейбір оқушылар басқасыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөз дермен жұмыс істей алады.</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=zlsYwZ2rTVA</p> <p>Слайд</p> <p></p> <p>Интербелсенді тақта</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>5-тапсырма.Сабақты қорытындылау. Оқушылар жеке жұмыс ретінде сызбасы кітапта көрсетілген ақпарат тасымалдаушы,ақпарат беруші,тасымал сипаттарын дәптерлеріне жазады. Дескриптор: оқушылар сызба көмегімен ақпарат тасымалдаушы,ақпарат беруші,тасымал сипаттарын дәптерлеріне жазып,неліктен жазғанын түсіндіреді. Қ.Б. Әр топ оқушылары радио тобы телеграф тобын,телеграф тобы телефон тобын,телефон тобы радио тобын бір-бірінің дәптерлерін ауыстырып алып, тексеріп бірін-бірі слайлик арқылы бағалайды. Саралаудың тағы бір тәсілі қорытынды: - Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. - «Алма ағашы» әдісі арқылы бағалау оқушылар өз-өздерін бағалайды,оқушыларға жасыл, сары, қызыл түсті стикерлер беріледі және оқушылар өзіне қажет түсті таңдап алып өз ойын жазып алма ағашына жабыстырады. Үйге тапсырма: тақырыпты оқып келу,өздеріңіз күнделікті қолданып жүрген ұялы телефонның шығу тарихы жөнінде ақпарат жинап келу.</p>	оқулық
Рефлексия	<p>Рефлексия: Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? Осы сұрақтар аясында сабақ соңында рефлексия жүргізілді. Сабақ өз мақсатына жетті деп ойлаймын, себебі сабақ барысында ақпарат тасымалдаушылар жөнінде толық мәлімет берілді, жан-жақты тапсырмалар орындалып, балалар қабілеттеріне қарай бағаланды. Осы сабақта пайдаланылған белсенді әдіс-тәсілдер сабақты ашып көрсетуге тиімді болды деп ойлаймын.</p>	